

FTAMP 19.01.11

<https://doi.org/10.26577/HJ802202611>**I.C. Қыдырмолданова\***  , **О.Ж. Ошанова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: inkarqydyrmolda@gmail.com

## ҚАЗАҚСТАН МАСС-МЕДИАСЫНДАҒЫ СУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ: «АЗАТТЫҚ РАДИОСЫ» МЕН AZATTYQ-RUHY.KZ САЙТЫ МЫСАЛЫНДА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақала Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарындағы су ресурстары мәселесінің жазылу деңгейін саралауға арналған. Зерттеудің өзектілігі су мәселесі туралы медиа материалдарға салыстырмалы талдау жасау қажеттілігімен ғана танылып қоймайды, сонымен қатар алғаш рет аудиторияға ұсынылатын ақпараттың берілу тәсілі, деректердің шынайылығы және жанрлық ерекшеліктері жүйеленіп берілді.

Зерттеу мақсаты – дағдарыстық коммуникация жүйесінің негізгі бір бөлігі ретінде қарастырылатын қазіргі журналистиканың қызметтік рөлін еліміздің БАҚ-дағы су мәселесінің медиадағы бет-бейнесін танытудың өзгешеліктері негізінде анықтау. Мақаланың негізгі идеясы «Азаттық радиосы» мен azattyq-ruhy.kz сайтының редакциялық ережелері мен саясаттарын ала отырып, олардағы бір ғана проблеманың түрлі мазмұнда жазылып әрі ақпараттардың өзіндік стильде берілу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу болды.

Зерттеуді жүргізу барысында жұмыста әдістемелік тұрғыдан салыстырмалы талдау мен дискурстық тәсілдер пайдаланылды, дегенмен негізгі назар материалдарды жіктеуде емес, мәтін ішінде мағынаның қалай қалыптасатынын және қандай баяндау стратегиялары қолданылатынын анықтауға бағытталды. Теориялық негіз ретінде дағдарыстық коммуникация және медиа дискурс мәселелеріне бағытталған зерттеулер алынды.

Зерттеу нәтижесінде су мәселесі медиакөністікте бір мезетте әрі экологиялық, әрі дағдарыстық сипат алып, көпқабатты ақпараттық өріс қалыптастыратынын анықталып, «Азаттық радиосы» мен azattyq-ruhy.kz сайтының ақпарат таратудағы редакциялық саясатындағы айырмашылықтар аймақтық ақпараттық күн тәртібінің біркелкі емес екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, еліміздегі су ресурстарына қатысты тақырыптардың тіршілік үшін маңыздылығын түсіну көпшілік аудиториядан сыни ойлау қабілетін талап етеді, ал журналистика қазіргі жағдайда тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен бірге оны әр тарапта құбылып беруші рөлге де ие болып отырғандығы бұл зерттеудің өзектілігін әрі қажеттілігін арттыра түседі.

**Түйін сөздер:** су мәселесі, Орталық Азия, Қазақстан, медиа, экология, экомәдениет.

I. Kydyrmoldanova\*, O. Oshanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: inkarqydyrmolda@gmail.com

### Comparative analysis of the representation of the water problem in the Kazakh mass media: case of Radio Azattyk and Azattyq-ruhy.kz

The article is devoted to the problem of covering water issues in the domestic media. The relevance of the research is determined by the need for a comparative analysis of media materials devoted to water issues, as well as the specifics of transmitting facts, choosing genre forms and presenting information to the audience. Thus, the issue of the development of industry journalism in the context of coverage of water issues is raised. At the same time, the main idea of the article was the different editorial position of the two media outlets and the scientific study of the transmission and interpretation of the same problem in different semantic tones.

The purpose of the study is to determine the functional role of modern journalism as part of the crisis communication system and to identify the specifics of media construction of the image of the “water issue” in the Kazakh media (using the example of a comparative analysis of Radio Azattyk and azattyq-ruhy.kz).

As part of the work, approaches to data submission were considered, the features of content policy were identified, and the works of foreign authors were studied. The researchers on the basis of which the research hypothesis is formed.

The scientific novelty lies in the study of the water issue not just as an environmental topic, but as an object of crisis communication within the Kazakh media field. For the first time, a comparative analysis of the representation of transboundary water disputes in Kazakh-language resources with different editorial orientation is carried out, which makes it possible to identify the regional specifics of the formation of the information agenda in Central Asia.

Additionally, the materials are classified according to the pitch (positive, negative and neutral). At the same time, the analysis includes not only traditional media, but also new media that play a significant role in the modern information ecosystem. The findings suggest the need to form an audience not only as a consumer of information, but also as its critical interpreter.

**Keywords:** water issues, Central Asia, Kazakhstan, media, ecology, ecoculture.

И.С. Кыдырмолданова\*, О.Ж. Ошанова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: inkarqydyrmolda@gmail.com

### **Сравнительный анализ репрезентации водной проблемы в медиадискурсе Казахстана (на примере материалов «Радио Азаттык» и Azattyq-ruhy.kz)**

Статья посвящена анализу особенностей освещения водной тематики в отечественных СМИ. Актуальность исследования определяется необходимостью сравнительного анализа медиаматериалов, посвящённых дефициту водных ресурсов, а также специфики передачи фактов, выбора жанровых форм и презентации информации аудитории. В работе поднимается вопрос развития отраслевой журналистики в контексте экологической повестки. В качестве ключевой концепции исследования рассматривается влияние различной редакционной политики двух СМИ на особенности интерпретации, фрейминга и эмоционально-смысловой тональности освещения одной и той же проблемы.

Цель исследования – определить функциональную роль современной журналистики как части системы кризисных коммуникаций и выявить специфику медийного конструирования образа «водного вопроса» в казахстанских СМИ (на примере сравнительного анализа «Радио Азаттык» и azattyq-ruhy.kz).

В рамках работы были рассмотрены подходы к подаче данных, выявлены особенности контент-политики, а также изучены труды зарубежных исследователей, на основе которых сформирована гипотеза исследования.

Научная новизна заключается в изучении водного вопроса не просто как экологической темы, а как объекта кризисной коммуникации в рамках казахстанского медиаполя. Впервые проводится сравнительный анализ репрезентации трансграничных водных споров в казахскоязычных ресурсах с разной редакционной направленностью, что позволяет выявить региональную специфику формирования информационной повестки в Центральной Азии.

Дополнительно материалы классифицированы по тональности подачи (позитивной, негативной и нейтральной). При этом в анализ включены не только традиционные медиа, но и новые медиа, играющие значительную роль в современной информационной экосистеме. Полученные выводы позволяют говорить о необходимости формирования аудитории не только как потребителя информации, но и как её критического интерпретатора.

**Ключевые слова:** водные проблемы, Центральная Азия, Казахстан, медиа, экология, экокультура.

## **Кіріспе**

Су – адамзат тіршілігі үшін қажетті әрі жандық өркениеттің тұрақтылығын айқындайтын маңызды табиғи ресурс көзі. Қарапайым тұрмыста құбырдан ағатын су да, мемлекеттер арасын байланыстырып жатқан өзен-көлдер де қазіргі таңда саяси, әлеуметтік және экономикалық шиеленістердің өзегіне айналып отыр. Әсіресе, климаттық дағдарыстардың үдеуі су тапшылығын ғаламдық күн тәртібіндегі басты мәселелердің біріне айналдырды. Бұл келең-

сіздіктер саяси жағдайы тұрақсыз Таяу Шығыс аймағында айқын көрініс тауып, су ресурстары мемлекетаралық жанжалдарды тудырудың негізгі көзі болып отыр. Осыған байланысты БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан 2001 жылы: «Тұщы су үшін қызу бәсекелестік – болашақта қақтығыстар мен соғыстардың көзі болуы да мүмкін», – деп атап өткен болатын.

Су ресурстарына деген қажеттілік жылдан-жылға артып келеді, бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік құрылымдар, қоғамдастықтармен сарапшылар ұйымдары-

ның арасын байланыстырушылық рөлі артатыны сөзсіз. Жаһандық деңгейдегі экологиялық дағдарыстар кезеңінде масс медиа тек ақпарат таратушы құрал емес, сонымен қатар саналы әрекеттерге үндейтін әрі қоғамдық пікірді қалыптастырушы институт болып отыр.

*Зерттеудің мақсаты* – еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарындағы су ресурстары мәселесінің жазылу деңгейін «Азаттық Радиосы» мен azattyq-ruhy.kz сайты материалдары негізінде салыстыра отырып жүйелеу және қазіргі журналистиканың дағдарыстық коммуникациялар жүйесінің бір бөлігі ретіндегі функционалдық рөлін айқындау.

Бүгінгі күнде масс медиа біз тақырыбымызға арқау етіп отырған су мәселесінің маңыздылық деңгейін ғана емес, оның қажеттілік көлемін анықтауға, оның ішінде су тапшылығы, су қоймаларының ластануы, оның климаттың өзгеруіне ықпалы туралы ақпараттарды жан-жақты саралауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Орталық Азия елдерінің бұл бағыттағы негізгі проблемалары аймақтағы су ресурстарын тиімді басқару және олардың ластануы болып отыр, ал осы өңірдің журналистері бұл мәселелерді қаншалықты деңгейде сауатты жаза алып отыр, бұл да күн тәртібіндегі өзекті тақырып.

*Зерттеу нысаны* – дәстүрлі БАҚ және жаңа медианың су мәселесі және осы бағыттағы дағдарыстар мен күйзелістер мазмұнындағы материалдары, нақтырақ айтар болсақ Азаттық радиосы мен azattyq-ruhy.kz сайттарында жарияланған ақпараттар.

*Зерттеу пәні* – су ресурстарымен тікелей жанасып отырған, яғни ауыз судың ластануы, судың тапшылығы, су ресурстарын тиімсіз басқару сияқты экологиялық проблемаларды күн тәртібіне шығару мақсатында масс медианың әдістерді, жанрлар мен пішіндерді қолдану және ақпараттарды ұсыну бағыттарын сауатты жүйелей білу жиынтығы.

Бүгінгі таңда әлем халықтары үшін тұщы суға байланысты көптеген ұйымдар әртүрлі жобаларды іске асыра бастады. Мәселен, Орегон мемлекеттік универсиетінің «Траншекаралық тұщы су даулары дерекқоры» мәліметтеріне сүйенсек, әлем халқының 40%-дан астамы мемлекеттік шекараларды кесіп өтетін 263 су бассейнінің аумағында өмір сүреді екен, сонымен қатар II дүниежүзілік соғыс басталған уақыттан бері су ресурстарын әділ бөлу және жағалаудағы мемлекеттер арасында ынтымақтастықты

қамтамасыз ету мақсатында 157-ден астам суға халықаралық келісімдер жасалған.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Бұл зерттеу жұмысында біз көптеген еңбектерді қарастырдық, бір атап өтерлігі су мәселесі тақырыбы шетелдік ғалымдар тарапынан кеңінен зерттелгенімен, дәл Қазақстан жағдайына қатысты зерттеулердің аздығы байқалады. Дәл осы тұрғыда Орталық Азиядағы су мәселесі мен оның қазақстандық медиадағы көрінісі, сондай-ақ еліміз туралы халықаралық деңгейде ақпарат тарату бағыты назар аудартады.

Зерттеу нысаны ретінде Азаттық радиосы және azattyq-ruhy.kz сайтында жарияланған материалдар сұрыпталып алынып, оларға тақырыптық және мазмұндық талдаулар жасалды. Осы екі медианың су тақырыбын қандай қырынан және қандай мазмұнда ұсынатыны талданып, ондағы негізгі ұстанымдар салыстырылды.

Зерттеу жұмысының гипотезасы – қазақстандық медиада су мәселесінің қаншалықты жиі көтеріліп, қай қырынан ұсынылатынын анықтау. Осы орайда төмендегідей сұрақтар қарастырылды:

Q1: Су ресурстары мәселесі көтерілген материалдарда оның тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне және денсаулықтарына ықпалы қаншалықты деңгейде сөз болады?

Q2: Траншекаралық келеңсіздіктерге байланысты жаңалықтар берілгенде өшпенділік тілінің элементтері кездесе ме, сонымен қатар нақты бір тараптарды жазғыру риторикасы байқала ма?

Q3: Мемлекеттік тілдегі бұқаралық құралдар су ресурстары мәселесін көтергенде эмоциялық сипатта ұсынуға басымдық бере ме, әлде кәсіби этикалық ұстанымдарды басшылыққа ала ма?

Бұл тақырыпты зерттеу нысанына ала отырып, әр түрлі ғылыми әдістерді пайдаландық. Ең алдымен, су ресурстары тақырыбында еліміздің екі медиасында жарияланған мақалалар жүйелі түрде талданып, сол негізде кешенді зерттеу жүргізілді. Екіншіден, аталған материалдардың мазмұндық, тақырыптық, жанрлық ерекшеліктері теориялық тұрғыдан сараланды. Үшіншіден, екі ақпарат құралының су мәселесіне қатысты ақпараттарды көпшілік аудиторияға жеткізу жолдары мен пішіндері салыстыра отырып жіктелді. Осы тәсілдер арқылы жинақталған ғылыми көрсеткіштер арнайы кестелер мен диаграммалар негізінде топтастырылып берілді.

## Әдебиетке шолу

Су – тіршілік көзі деп үнемі айтамыз, оның ішінде адам тұтынатын тұщы судың орны бөлек, дегенмен ғалымдар оның қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының басты өлшемі екенін де атап өтеді (Oki & Kanae, 2006). Халықаралық БҰҰ-ның 2020 жылғы зерттеуіне келсек, жаһандық деңгейдегі су тұтыну мөлшері 6 есеге артқан (Munia et al., 2020), бұл жыл сайын 1 пайызға артып отырады екен, сонымен қатар бұл жерде халық өсімінің көбею факторын ескерген жөн (Gleick, 2003).

БҰҰ тұрақты даму мақсаттарының бірі деп белгілеген – денсаулыққа пайдалы әрі жер шарындағы әр тұрғынға қолжетімді боларлық ауызсуға мұқтаждық деңгейін 2030 жылға дейін жою мәселесі бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбы болып отыр (Hanjra & Qureshi, 2010).

Қазіргі кезде суға деген қажеттілік және қолжетімділік Орталық Азия елдері үшін де шешімі қиын мәселе, мұның себебі осы аймақтағы геосаяси жағдайлардың күрделілігінен және бұл өңірлердегі су ресурстарының тең дәрежеде бөлінбеуінен де тамыр тартып жатыр. Нақтырақ айтсақ, көрші елдердің кейбіреуіндегі шекаралық өзендердегі табиғи суға деген тәуелділік мөлшері тым жоғары болса, яғни оларда тұтынуға қажетті су көлемі аз болса, ал келесілеріндегі су айдындарында жиналған су қоры, керісінше, өте мол. Мұндай теңсіздіктің мінедетті түрде үлкен проблемалардың тууына себепші болатыны сөзсіз, яғни бүгінгі күнде Әмудария мен Сырдария су айдындары Орталық Азия аймағындағы елдер үшін тек тіршілік көзі ғана емес, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың негізгі барометрі (өлшемі) болып отыр.

Су ресурстарын дұрыс басқару мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың негізін қалаудағы басты көрсеткіш болып отырғанын жоққа шығара алмаймыз, яғни көрші елдермен шектесе отырып, трансшекаралық су көздерін бірлесе пайдалануға қатысты келеңсіздіктердің орын алуы елдер арасындағы қарым-қатынасқа тікелей ықпал ететіні сөзсіз (Sehring, 2009).

Осы межеден бағамдар болсақ, еліміз үшін су ресурстарын сауатты әрі тиімді басқару экономикалық дамуымыздың басты бағыты болып есептеледі, тағы да бір ескерер жайт -халқымыздың ауыз суды тұтынуға мен суармалы жерге деген сұранысы жыл сайын артып отыр. Осы себепті де су мәселесі – еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары үшін жиі назар аударуды қажет

ететін тақырыптардың біріне айналып отыр.

Тұрақты даму мақсаттарының 6.4. пунктінде жер шарын мекендеуші тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесімен қатар, судың экожүйелерін қорғау қажеттігі атап айтылған. Бұл жобаны 2030 жылға қарай қоғамның барлық саласында тиімді қолдану мақсаты алға тартылып отыр. Алайда, бұл мақсатқа қол жеткізу шаралары көп жағдайда климаттың өзгеруі, су ресурстарының ластануы һәм энергия тапшылығы сияқты факторлармен күрделене түсіп, соңында бұл өте үлкен мәселеге айналуы да ғажап емес (Srinivasan et al., 2012; Arthur et al., 2019).

Ғалымдардың айтуынша, суға деген қажеттіліктің күрт артуы және осы бағытта орын алатын келеңсіздіктер ауыл мен қала арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне ғана емес, сонымен бірге халықаралық қақтығыстарға дейін әкеліп соғуы мүмкін (Shlomi & Ariel, 2003; Ma et al., 2021). Дүниежүзілік банктің бұрынғы вице-президенті Исмайл Серагелдин: «XX ғасырда соғыс мұнай үшін жүргізілсе, XXI ғасырда олар су үшін соғысатын болады», – деген еді.

Бүгінде тұщы су қорының шектеулі болуы және оған деген сұраныстың артуы елдер мен аймақтар арасында бәсекелестіктің күшеюіне, елдер арасындағы кикілжіңнің артуына әкеліп жатқан жағдайлар көптеп кездеседі (Rai et al., 2017; Bernauer & Böhmelt, 2020).

Қазақстан ғалымдары (Сарсенбаев, Жанбаева, 2016) өз еңбектерінде ел экономикасының қазіргі заманғы дамуында табиғатты ұтымды пайдалану, оның ішінде су алқаптарына антропогендік факторлардың әсерін, өзен ағындысының өзгеруіне жеке шаруашылық іс-шараның ықпалын бағалаудың қажеттілігін атап көрсетеді. Ал келесі зерттеушілер (Оспанова, Габдулина, Алиакбарова, Адильбаева, 2025) Орта Азиядағы су ресурстарының тарихи эволюциясын, олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси маңызын айқындап қана қоймай, аймақ елдерінің даму траекториясындағы рөліне баға берген.

Орта Азия аймағындағы елдердің экономикасы көбіне ауыл шаруашылығына иек артады, соның ішінде суармалы егіншілік дамыған, атап айтар болсақ, күріш немесе мақта секілді дақылдарды өсіруге бағытталған. Бұл тек осы өңірге қатысты үрдіс емес, қазіргі кезде жер шарының көп елдерінде жер үсті су ресурстарының басым бөлігі егіндік жерді суғаруға жұмсалады. Ал суды тиімсіз пайдалану өзендер мен жер асты суының сарқылуына әкеледі. Бұның нәтижесі, әсіресе, Орталық Азия елдері үшін өте үлкен

зардаптарға әкелетіні анық. Нақтырақ айтсақ, дәл осы аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына тежеуіш болып, зиянын тигізуі ғажап емес (Chang et al., 2018). Сондай-ақ, еліміз тәуелсіздік алғалы бері трансшекаралық өзендерді бөлу мен пайдалану мүмкіндіктеріне қатысты елеулі дауларға тап болғаны шындық. Осы орайда су ресурстары аймақтың негізгі байлығы десек те қателеспейміз (Micklin, 2010).

Әлемдік баспасөзде жаһандық деңгейдегі су ресурстары тапшылығы туралы материалдар жиі жарияланып, бұл төңіректе орын алып отырған дау-дамайлар зерттеуші-ғалымдардың да талқысына түсті (Roshan & Kumar, 2020), олар су дағдарысы туралы масс медиада тек ақпараттық сарында жаңалықтар берілетінін, оның орнына арнайы мамандардың пікірі жүйеленген сараптамалық мақалаларды беру қажеттігін алға тартып отыр (Smolenaars et al., 2022). Мәселен, әлемдік БАҚ-тарда су дағдарысы проблемасына қатысты тұщы су тақырыбы жиі қарастырылса, ал Орталық Азия сияқты аймақ медиасында көп жағдайда су ресурстарын тиімді игеру, судың жарамсыздығы, қоршаған ортаның ластануы, суды тұтыну деңгейінің жылдан-жылға артуы сияқты мәселелер көп көтеріледі.

Біз өз зерттеуімізде еліміздегі екі ақпарат құралындағы су мәселесінің жазылуына жан-жақты сарпама жасауды мақсат тұттық, өйткені Орталық Азия аймағы елдеріндегі су ресурстарына қатысты жүргізілген зерттеулер көбіне тек экологиялық бағыт-бағдар тұрғысынан жүргізілген, нақтылап айтар болсақ су ресурстарын тиімді игеру мен тұтыну, оны басқарудағы жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер, климаттық өзгерістердің бұл мәселеге ықпалы туралы тақырыптар.

Бұрынғы кеңестік саяси жүйе тарқағаннан кейін, яғни 15 одақтас елдер өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң орын алған әртүрлі геосаяси өзгерістерге орай, трансшекаралық аймақта қалыптасқан су ресурстары мәселесін жүйелі түрде шешу күн тәртібіне шыққанымен, бұл бағытта ортақ зерттеулердің кейінгі жылдары ғана қолға алынып, әлі де болса шешімін таппай отырғаны рас. Бұл түйінді мәселе қазақстандық БАҚ-тарда жан-жақты жазылғанымен де, жүйелі зерттеулерге қол жеткізілмей отыр.

Бұл зерттеуде су ресурстары тақырыбына қатысты «Азаттық» радиосы мен Azattyq-ruhy.kz сайтында қандай тақырыптар көтеріліп жатқаны қарастырылып, сол бойынша елдегі су мәселесін шешу жолдары туралы бастамалар басшылыққа алынатын болады. Сонымен бірге су және су

мәселесінің нақты қандай тақырыптар мен талпаптар бойынша жазылатыны, оның әлеуметтік және экономикалық дамуға ықпалы да талданады. Бұл жалпы Орталық Азия ғана емес, сонымен қатар, жаһандық су мәселесі тақырыбына назар аударатын Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысына қатысты елімізде жүргізіліп жатқан бағдарламаларды бағалауға мүмкіндік береді десек қателеспейміз.

#### *Қазақстандағы су мәселесі*

Қазақстан үшін су ресурстары – стратегиялық маңызды табиғи ресурс, өйткені оңтүстік өңірлердегі еліміз үшін экономикалық тұрғыдан даму қажеттілігі басымдылыққа ие ауыл шаруашылығы салалары мен халықтың тұрмыс-тіршілігі осы аймақтағы трансшекаралық өзен-көлдердің суына тікелей тәуелді.

Еліміздегі осы мәселені Дәмежан Әділханқызы «Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалар» атты зерттеу еңбегінде жан-жақты қарастырған. Ғалым су тек әлеуметтік қажеттілік құралы ғана емес, сонымен бірге экологиялық қауіпсіздіктің басты көрсеткіші екенін атап өткен (Садықова, 2010). Бұл орайда біз көкейге түйетін ой, су тапшылығының зардабы тек теңіздің тартылуына әсер етуші емес, сонымен бірге жергілікті жердегі топырақтың құнарсыздануына және тұз араласқан шанды дауылдардың да көбеюіне әкелетін басты факторлардың бірі. Нәтижесінде табиғаттағы үйлесімділік бұзылып, оның халық денсаулығына кері әсері күшейеді, сонымен қатар теңіз түбінде шөккен тұздың көтерілуі ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізіп, егістік жерлердің сапасы бұзылып, сапалы өнімдер өндіруге теріс ықпал етеді.

Еліміз үшін судың қажеттілігі мен оның қазіргі экологиялық жағдайға ықпалының жоғары екенін аңғарамыз. Бұл жалпы экологиялық тұрақтылық пен халық денсаулығы, оның өмір сапасына да әсер етеді. Су ресурстарын үнемді пайдалану және басқару, трансшекаралық өзендерді көрші мемлекетпен бірлесіп басқару, суды үнемдеудің жаңа технологияларын енгізу әлем үшін ғана емес, сонымен бірге Қазақстан үшін де өте маңызды және негізгі алғышарттардың бірі болмақ (Садықова, 2010).

#### **Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары су тақырыбын тиімді шешу еліміздегі барлық


сала мамандары бірлесіп шешер түйінді мәселе болып отыр. Алғашқы жылдары қазақ тілді медиада экология мәселесі жалпы сипатта ғана берілетін болса, қазіргі уақытта олар сала-салаға бөлініп кетті, мәселен, топырақтың құнарлылығы, су тұтыну деңгейі, ауа сапасы деген нақты бағыттар негізінде жекелей жазыла бастады. Бұл қоғамның медиа өнімдерге деген сұранысының да өзгеріп жатқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында біз салыстырмалы талдау жасау мақсатында екі түрлі медианы тандап алдық, оның бірі «Азаттық» радиосы болса, екіншісі Azattyq-ruhy.kz сайты. Аталған екі медиада да су мәселесіне қатысты мақалалар сұрыптап алынып, тақырыптық және мазмұндық талдау жасалды.

Біз «су мәселесі» және «су проблемасы» деген екі кілт сөзді ала отырып, жоғарыда мысал еткен екі медиада жарияланған мақалаларды қарастыруды жөн деп санадық. Мәселен, 2026 жылдың қаңтар айында «Азаттық» радиосында «су мәселесі» кілт сөзімен 706 хабар берілгені анықталса, Azattyq-ruhy.kz сайтында небәрі 29 материал жарияланған. Одан бөлек біз «су проблемасы» деген кілт сөзді пайдаланып та ақпарат іздеген едік. Табылған ақпараттардың көлемі де әр түрлі болып шықты. Мысалы, «Азаттық» радиосында 103 материал берілсе, ал Azattyq-ruhy.kz сайтында 3 мақала ғана ұсынылған. Осылайша екі медианың арасында экология және су мәселесі тақырыбына кім көп жазатынын да анықтай алдық.

### 1-сурет

*Азаттық радиосы мен Azattyq-ruhy.kz «су мәселесі», «су проблемасы» тақырыбында берілген материалдар саны*



*Ескертпе: авторлар құрастырған*

Дәл осы жиналған ақпаратты сапалық тұрғыдан зерттеп, жоғарыда сөз еткен зерттеу сұрақтары төңірегінде топтастырып, оларға қатысты сарапатама жасауды жөн деп санадық.

**Q1: Су ресурстары мәселесі көтерілген материалдарда оның тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне және денсаулықтарына ықпалы қаншалықты деңгейде сөз болады?**

Аталмыш сұрақтың жауабын шешу мақсатында біз «Азаттық» радиосының мақалаларын қарастырып көруді жөн деп санадық. Аталмыш медиадағы «су мәселесі» тақырыбындағы мақалалардың басым бөлігі шет елдегі жағдайға байланысты екенін аңғара аламыз. Себебі, аталған жарияланымдардың басым бөлігі, су мәселесі, су тапшылығы, елдің геосаяси жағдайындағы су мәселесі секілді тақырыптарды көптеп жазған. Оның нақты мысалы ретінде 2026 жылдың 6 қаңтарында жарияланған мақала, тақырыбы – «Діни режимнен қажыған халық көшеге шықты». Иә, тақырыбында ешқандай да су туралы ақпарат жоқ, дегенмен де мақаланы толық оқу барысында су тапшылығы мәселесінің көтерілгені туралы білесіз (Азаттық радиосы, 2026). Бұл жерде көпшіліктің күнделікті тұтынатын суға қол жеткізу күрмеуі шешілмей отырған мәселе екені жазылған.

Дәл осы медиада 2025 жылдың 7 желтоқсанында жарыққа шыққан «Дағдарыс ушыққан шақта Иран су импорттауға көшпек» материал да ерекше назар аудартады. Себебі, мақаладағы дерекке сенер болсақ, Иран елінің билігі соңғы 50 жыл ел тарихындағы ең құрғақ мезгіл болып, нәтижесінде суды сырт елдерден алғызуға мәжбүр болып отырғаны жайлы ақпарат берілген (Азаттық радиосы, 2025b).

Демек екі мақаланың арасы бар болғаны бір ай болғанымен де, елдегі қуаңшылықтың кесірінен қарапайым халықтың зардап шегіп отырғанын және бұл елдің амалдың жоқтығынан суды сырттан алдыртуға көшкенін аңғара аламыз. Бұл мәліметтерден «Азаттық» радиосының көп жағдайда шет елдердегі су мәселесіне орай сұхбаттар алып және ақпараттарды беретінін көреміз. Бұл, жалпы алғанда, мәселенің Орталық Азиямен де байланысы бар екенін аңғартқандай болады.

Осындай ақпараттарды қарастыра отырып, біз «Азаттықта» жарияланған мақаланың басым бөлігі халықаралық контекстте жиі берілетінін аңғара аламыз. Бұл жалпы алғанда журналистер ақпарат таратуда тек еліміздегі жағдайларды ғана емес, сонымен бірге шет елдік ақпараттарды да қамтитынын көрсетеді.

Дәл осы медиаларды Қазақстанның кейсінде қарап көретін болсақ, мәселен «Азаттық» осы жылдың қазан айында «Тоқаев су мәселесін айтып, екінші АЭС құрылысын бастау керек деді» деген ақпарат жариялады. Аталмыш мақалада жалпы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының мынадай пікірі берілген: «Су тапшылығына баса назар аударамыз. Келешекте де су мол болады дей алмаймыз. Оған дайын болуымыз керек. Су үнемдеудің жоғары технологиясын қолданғанымыз жөн. Мемлекет субсидия беріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығына бөлінген қаржы көлемі 1 триллион теңге болды. Бұл үлкен мүмкіндік». Осы арқылы мемлекет басшысының сөзінен су мәселесі тақырыбы еліміз үшін өте өзекті екенін аңғаруға болады.

Аталған мақалада ҚР президенті су мәселесі төңірегінде бірнеше ұсыныстарын да қоса кеткен. Мысалы, су қоймаларының су жетпей, тартылып қалу қаупі туралы сөз болғанда Орталық Азия және Ауғанстан су мәселесіне баса назар аударып жатқаны туралы айтады. Ал жаз кезінде қуаңшылық болып, елдер өзара су бөлісе алмай жатады. 2025 жылы Қытайдың Тяньцзин қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) саммитінде Тоқаев ұйым аясында Су мәселесін зерттеу орталығын ашуды ұсынған. 2024 жылы Астанада өткен Орталық Азия елдері басшыларының жиынында да осы мәселе талқыланған.

Дәл осы сұрақты біз екінші медиада да қарастырдық. 2019 жылдың 3 қарашасында жазылған ақпарат назар аудартады, себебі, дәл осы күні «Елорда көшелерін су басу мәселесі қалай шешіледі?» тақырыбында материал жарияланған. Онда Астана (*сол уақытта Нұр-Сұлтан – ред.*) қаласындағы су жинағыш тоған туралы, бұл құрылыс басында сол уақыттағы әкім Алтай Көлгіновтің де жүргені, тазарту құрылысы құрылысының басталу барысымен танысқаны туралы ақпарат берілген (Azattyq Rýhy, 2019).

Ал екінші ақпарат та дәл сол жылдың 19 қарашасында жарияланған. Мақалада су мәселесі ұлттық қауіпсіздік деңгейіне дейін теңестірілгені туралы жазылған. Мақаланың басты тақырыбы – ауыз су мәселесі, жарияланған ақпаратқа сенер болсақ, БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын қаржыландыру мәселесі бойынша аймақтық саммитте маңызды мәселелер талқыланған. Сол жиында Қазақстан Бүкіләлемдік банктің бағалауы бойынша жаһандық климаттық өзгерістерге ең осал елдердің бірі екені анықталған.

Зерттеулер нәтижесінде Қазақстан жыл са-  
йын 20 млрд текше метр су тұтынатыны анық-  
талған екен. Соның ішінде 14 млрд текше су ауыл  
шаруашылығын суғаруға кетсе, қалған 2 млрд су  
өнеркәсіп секторына, ал шамамен 1 млрд текше  
су коммуналдық мақсаттарға жұмсалады.

Су ресурстарының азаюы 2030 жылға қарай  
елде су тапшылығы 14 млрд текше метрге дейін  
жетуі мүмкін, ал 2050 жылы бұл көрсеткіш көле-  
мі 20 млрд текше метрге дейін ұлғаюы ықтимал.  
Бұған қоса климаттың өзгеруі мен су тапшылығы  
да қосымша әсер ететіні болжанған.

Егер де су тұтыну құрылымы дәл осылай өз-  
геріссіз қала беретін болса, онда ауызсуға қол-  
жетімділік ұлттық қауіпсіздік мәселесі деңгейіне  
дейін жетуі мүмкін. Себебі, осы сценарий  
сақталатын болса, 2030 жылға қарай Қазақстан-  
да жылына 7-8 млрд доллар экономикалық шы-  
ғынға тап болады (Azattyq Rýhy, 2019a).

Біз тек екі мақаланы ғана қарастыра отырып,  
аталған медиадағы мақалалардың басым бөлігі  
тек Қазақстан кейсінде ғана емес, сонымен  
бірге халықаралық деңгейде де назар аударуды  
қажет етіп жатқанын аңғара аламыз. Осылайша,  
Azattyq-ruhy.kz медиасы да аталған тақырыпты  
да үнемі назарда ұстайтынын көруге болады.

**Q2: Траншекаралық келеңсіздіктерге  
байланысты жаңалықтар берілгенде өшпенділік  
тілінің элементтері кездесе ме, сонымен  
қатар нақты бір тараптарды жазғыру рито-  
рикасы байқала ма?**

Жалпы алып қарастыратын болсақ, «Азат-  
тықта» су мәселесі туралы ақпараттарда мем-  
лекетаралық даулар мен трансшекаралық су  
қақтығыстарына байланысты жазылған мате-  
риалдардың көп екенін аңғаруға болады.

Мысалы, берілген ақпараттың барлығы да  
бір тараптан емес, екі жақты талдау тәсілдері  
жиі қолданылған. Одан бөлек, трансшекаралық  
өзендер немесе өзге де сол секілді тақырыптар-  
ды беруде арнайы қабылданған қаулылар, заң-  
дар мен нақты мәліметтерге сүйенген ақпарат-  
тың көп пайдаланылған. Бұл айыптау немесе  
өшпенділік тілінен бөлек, эмоциялық сипатқа ие  
риториканың да жоқ екенін көрсетеді.

«Азаттық» радиосының тыңдармандар на-  
зарына ұсынған «Жапония мен Орталық Азия  
қатынасынан Қазақстан не ұтты?» деген ма-  
териалда журналист сарапшы маман Асылзат  
Қарабаевамен тілдескен. Бұл жерден аталған  
елдердің ынтымақтастығынан еліміздің ұтар  
тұсы мен ұтылар жері қандай деген сауалдарға  
жауап аласыз. Оған қоса бұл ықпалдастықтың

Қазақстан үшін тек экономикалық қана емес, со-  
нымен бірге су ресурстары қауіпсіздігін сақтау  
және қоршаған тіршілікті қорғау мақсатында да  
ерекше стратегиялық маңызы бар екенін тануға  
болады. Маманның пікіріне сүйенер болсақ, Жа-  
пония су ресурстарын тиімді басқару және суды  
үнемдеу саласында мол тәжірибе жинақтаған ел,  
ал бұл Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан  
үшін суды үнемдеу мен тапшылығы мәселесін  
шешудің жаңа тәсілдерін үйренуге, сонымен қат-  
тар инфрақұрылымдарын жаңарту, өңірдегі эко-  
логиялық тұрақтылықты сақтауға жол ашады.  
Бұл әріптестік елімізге қосымша қаржы көздерін  
тартуға, су қауіпсіздігін сақтаудың ұзақ мерзімді  
стартегиялық жоспарларын сауатты құруға,  
аймақтың экологиялық тәуекелдерін азайтуға да  
өз септігін тигізеді (Азаттық радиосы, 2025с).

Аталған радиохабар туралы ой қорытсақ,  
бұл хабар мазмұнынан өшпенділік тілі немесе  
жікке бөлу риторикасын байқамадық, ақпарат  
бейтарап және объективті түрде ұсынылған.

Ал Azattyq-ruhy.kz сайтының журналистері  
су мәселесіне қатысты жаңалықтарды көп жағ-  
дайда оң әрі жағымды сипатта береді. Мысалы,  
2025 жылдың 22 қаңтарында Қазақстан мен  
Ресей арасындағы көктемгі су тасқыны тура-  
лы материалды қарастырып көретін болсақ, екі  
елдің бұл мәселеде өзара ақпарат алмасу және  
бірлескен жұмыс тобын құру арқылы тиісті ше-  
шімдер қабылдайтыны туралы ақпарат берілген  
(Azattyq Rýhy, 2025b). Аталған мақаланы оқу  
барысында су мәселесін шешуде екі ел бірігіп  
жұмыс жасаса, мәселе шешіліп кететін сияқты  
түсінік қалыптасады. Себебі, мақаланың лидіне  
«Бірлескен жұмыс тобы құрылған» деп бір ғана  
сөйлем берілген.

Су мәселесіне қатысты басқа да жарияла-  
нымдарда мемлекетаралық шиеленістер туралы  
бейтарап және құрғақ стильде, яғни оқырман-  
дардың жеке көңіл-күйіне әсер етпейтіндей,  
тек ресми дерек пен сараптама қамтылған ақпа-  
раттар берілген. Мысалы, 2025 жылдың ақпан  
айында жарияланған мақалада Қазақстан және  
Қырғызстанның премьер-министрлері су мәсе-  
лесі бойынша кездесу өткізгені туралы ақпарат  
бар. Онда тек екі ел арасындағы өзара сауда көр-  
сеткіштері 1,7 млрд долларды құрағаны ғана ай-  
тылған (Azattyq Rýhy, 2025с).

Мемлекетаралық дауларға қатысты мате-  
риалдарда эмоциялық тұрғыдан айыптау тілі  
немесе нақты бір ұстанымда берілген бір жақ-  
тылық көзқарасты танытатын көзқарастар қол-  
данылмаған.

**Q3: Мемлекеттік тілдегі бұқаралық құралдар су ресурстары мәселесін көтергенде эмоциялық сипатта ұсынуға басымдық бере ме, әлде кәсіби этикалық ұстанымдарды басшылыққа ала ма?**

Азаттық радиосының журналистері ақпаратты беруде, әсіресе, су тақырыбына қатысты ақпарат таратуда эмоцияналдық сипатта беру ұстанымын ұстанбайды, көп жағдайда журналистік кәсіби стандарттарды басшылыққа алады. Нақтырақ айтсақ, ақпараттың барлығы да тек ресми мәліметтерге сүйенген және сарапшылар пікірімен толықтырылған және жаңалықтардың басым бөлігі ғылыми немесе танымдық тақырыптарды қамтитынын айта кеткеніміз жөн.

Мәселен, 2024 жылдың 17 қыркүйегінде «Сырдарияны қалай құтқарамыз?» деген радиобағдар берілген және су мәселесі бойынша сарапшы Арман Өтеповтің пікірін алға тартады. Бұл жерде Сырдарияның суы неге тартылып жатқаны және оның Арал теңізімен ортақ қандай байланысы бар екені туралы ақпараттар кеңінен беріледі (Азаттық радиосы, 2024). Сонымен қатар хабарда су мәселесіне қатысты нақты пайыздық көрсеткіштер, облыс бойынша бөлінісі және жоспары туралы қосымша мәліметтер кеңінен берілген.

Ал радиоматериалдың тілдік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, ақпарат бейтарап стильде беріледі, яғни бұл жаңалық түсінікті әрі қарапайым тілде оқырмандардың еш қиындықсыз қабылдауын ескере отырып ұсынылған және олардың тақырыпты толық түсінуіне мүмкіндік жасалған. Мысал ретінде тағы да бір «Жезқазғанда су мәселесін шешу үшін Үкіметтен 1,8 млрд теңге бөлінді» деген материалды қарастырайық. Аталған мақалада су мәселесіне бөлінген ақшаның көп болуы кей оқырмандар үшін түсініксіз немесе бұған қатысты қарсы пікір болуы да мүмкін, дегенмен де бұл мәтінде бірден көңіл аудартатыны -1996 жылдан бері су құбырларының жөндеу көрмегені, ал оның 90%-ы тозғаны туралы ақпарат (Азаттық радиосы, 2025a), яғни материал авторы бюджеттен бөлінетін ақшаны тақырыпқа шығарып, ал негізгі проблеманы екінші орынға ығыстырып, оған тиісті мемлекеттік құзырлы органдардың назарын аударуға мүмкіндік жасамаған. Ал, кәсіби журналистік міндетті алға қойып мақала әзірлесек, бәрі керісінше болуы керек еді.

Азаттықтағы хабарларды қарастыра отырып, оның басым бөлігі бейтарап ұстанымда тараты-

лып, журналистік стандарттардың басшылыққа алынатынына көз жеткіземіз және оқиғаның куәгерлерінің сөзі, кәсіби сарапшылардың пікірлері ұсынылады, сонымен қоса ашық дереккөздер де жиі пайдаланылады.

Azattyq-ruhy.kz сайтында жарияланған кей материалдарды қарастырып көрсек, кейбірінде эмоциялық сипат басым екенін аңғаруға болады. Мысалы, 2020 жылдың 20 маусымында берілген ақпаратқа «Сексен көлдің ортасында орналасқан Ақмола облысында ауыз су мәселесі әлі шешілмеген» деген тақырып қойылған. Мұндай тақырыпты оқыған оқырман бірден эмоцияға ерік беріп, Сексен көлдің суын пайдалануға тиіспіз, неге халық игілігіне пайдаланылмайды деген пікір түюі мүмкін. Олар оның табиғи ерекшеліктері, ол көлдің суы ішуге жарамды ма, оның ішіндегі флорасы мен фаунасы туралы ойланып жатпайды. Осының нәтижесінде көпшілік тарапынан өзара түсініспеушіліктер болып, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалаудан гөрі, эмоциялық қарсылық тудырып, соны басшылыққа алуға тиіспіз деген ұстаным пайда болады.

Мақаладағы мәтінге назар аударатын болсақ, Сексен көлдің ортасында отырған Ақмола облысында су жоқ, яғни облыстың айналасының бәрі көл ғой деген тұжырымды анық байқауға болады. Әрі материалда журналист көбіне мәліметтерде нақты талдаудан гөрі түрлі тұлғалардан пікір алып, тек соны негізге алынып берілгені айқын көрініп тұр.

Дәл осы секілді 2025 жылдың 8 тамызында жарияланған «Қостанай облысында парақорлардан қайтарылған ақшаға ауыз су мәселесі шешілетін болды» атты мақалада мемлекеттің қаржысын жымқырғандардың бәрін «парақор» атау да этикалық тұрғыдан дұрыс емес және тақырыпқа қарап оқырмандардың ойында бұл өңірде тек қана парақорлар тұрады деген ой қалыптасуы да мүмкін екенін ескерген жөн. Нақтырақ айтсақ, адамдардың бәрін жалпылай «парақор» деп атау жағымсыз эмоциялық көңіл күйге жетейлейтіні және өшпенділік тілінің тууына себепкер болатыны жасырын емес.

Әрине, бұл екі-үш мысалдан, міне, Azattyq-ruhy.kz сайтында жарияланған материалдардың бәрі біржақты және жағымсыз эмоция тудырады деп ой түюге болмайды, дегенмен мұндай деректердің орын алып отырғаны рас.

Жалпы қорытындылар болсақ, екі медиа да бір тақырыпты әртүрлі ракурстан ұсынатынын айқын көре аламыз. Мысалы, Азаттық радио-

сынан берілетін материалдар көбіне аймақтық және халықаралық деңгейдегі мәселелерді қамтуға тырысса, Azattyq-ruhy.kz сайты су пробле-

масына қатысты еліміздегі жағдайларға баса ден қойып отыратыны және осы бағытқа көбірек назар аударатыны анықталды.

## 2-кесте

*Азаттық радиосы мен Azattyq-ruhy.kz сайтында су мәселесіне қатысты жарияланған материалдар*

<i>Азаттық радиосында жарияланған мақала тақырыбы және күні</i>	<i>Мақалада көтерілген мәселе</i>	<i>Azattyq-ruhy.kz жарияланған мақала тақырыбы және күні</i>
Лайбұлақтағы ауыз су проблемасы мен Ақтөбедегі қоғамдық көлік жайлы флешмоб <b>5 қараша 2020</b>	<b>Ауыз су тапшылығы</b>	«Ауыз суды Астанадан тасуға мәжбүр»: депутат Елорда маңындағы ауылдардағы су мәселесін көтерді <b>20 желтоқсан 2023</b>
Орталық Азияда құрғақшылықтың беті қайтпай түр <b>1 тамыз 2021</b>	<b>Ауыл шаруашылығына су әсері</b>	Президент су проблемасын шешу мәселесін көтерді <b>20 желтоқсан 2025</b>
«Геосаясат илеуіне түсіп қалуымыз мүмкін». Қазақстанда АЭС салуға қатысты сарапшы пікірі <b>4 наурыз 2024</b>	<b>АЭС және су мәселесі</b>	Аталған мәселеге қатысты мақала жарияланбаған
Біреуі газға, біреуі көмірге зәру. Орталық Азия қысты қалай өткермек? <b>14 қазан 2021</b>	<b>Су инфрақұрылымы туралы</b>	«Кінәлі адамдар тиісті жазасын алуы керек»: Тоқаев елордадағы ауыз су мәселесі туралы <b>11 шілде 2023</b>

*Ескертпе: авторлар құрастырған*

Осы екі медиада су мәселесіне қатысты жарияланған материалдарды салыстыру, олардың тақырыптық, эмоционалды және жанрлық ерекшеліктері туралы талдауға мүмкіндік береді. Тақырыптық мазмұны жағынан Азаттық радиосында көбіне келіссөздер мен көршілес елдердің ұстанымдары, климаттық өзгерістер туралы мәселелер қамтылса, екінші медиада бұл проблеманы ұлттық қауіпсіздік, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төңірегінде байланыстырып ашуға тырысу деректері кездеседі. Нақтылап айтсақ, көбіне ауыз су тапшылығы, ауа-райы құрғақшылығының ауыл шаруашылығына ықпал-әсері немесе жергілікті аймақтардағы су жетіспеушілі туралы ақпарат беріледі.

Ақпараттардың оқырмандар мен тыңдаушыларға эмоцияналдық тұрғыдан ықпалын қарастырып көретін болсақ, Азаттық радиосында көбіне материалдар сараптама мазмұнында басым екенін, халықаралық және отандық ғалымдардың пікіріне көп иек артатындығы анық байқалады. Осы арқылы біз Азаттықтың негізгі бағыты

көбіне халықаралық деңгейдегі оқиғаларды қамту екенін, кәсіби ұстанымдары да соның айналасында екенін анықтай аламыз. Ал, Azattyq-ruhy.kz сайтында жарияланған кей материалдардың мазмұны эмоцияға толы, кейде оқырман санасына психологиялық тұрғыдан әсер ететін сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланатынын аңғаруға болады. Мысалы, «құрғақшылық салдарынан халық қиындық көруде», «шаруалар шығынға батты» деген секілді әлеуметтік әсерді алдыңғы қатарға қоятын сөздер пайдаланылған, кейде жалпылама сипатта жазылатын әрі этикалық қағидаларға сәйкес келмейтін сөздер де қолданылады.

Жоғарыдағы кестені қарай отырып, материал дайындауда әр медианың ішкі редакциялық саясат ережелерінің ерекшеліктері мен журналистердің кәсіби қарым-қабілетіне қарай мақалалар дайындалатынын анықтадық. Жалпы су мәселесін жазуда бір медиа екінші бір медианың ақпараттарын қайталауы немесе көшіріп ба-суы сирек.

### 3-кесте

*Азаттық радиосы мен Azattyq-ruhy.kz сайтында су мәселесіне орай жарияланған материалдардың жанрлары*

<i>Азаттық радиосында жарияланған мақала тақырыбы</i>	<i>Жанры</i>	<i>Azattyq-ruhy.kz жарияланған мақала тақырыбы</i>
«Діни режимнен қажыған халық көшеге шықты». Ирандағы жағдай туралы сұхбат <b>9 қаңтар 2026</b>	Сұхбат	Аталған жанрда мақала жарияланбаған
Солтүстікке көш. Қоныс аударғандар неге сапасыз үйге тап болады? <b>5 сәуір 2024</b>	Талдамалы мақала	Су мәселесімен айналысатын ведомство көп, бірақ мамандар тапшы – депутат <b>21 сәуір 2021</b>
Тоқаев су мәселесін айтып, екінші АЭС құрылысын бастау керек деді <b>30 қазан 2025</b>	Репортаж	«Ел аумағының жартысынан көбі – шөл және шөлейт жерлер»: Тоқаев су мәселесін көтерді <b>9 шілде 2025</b>
Жапония мен Орталық Азия қатынасынан Қазақстан не ұтады? Сарапшы Асылзат Қарабаевамен сұхбат <b>18 желтоқсан 2025</b>	Сарапшылар пікірі	Аталған жанрда мақала жарияланбаған
Тасқында сын айтқандар жазаланды. Биліктің халықпен коммуникациясы қандай? <b>26 сәуір 2024</b>	Зерттеу	Аталған жанрда мақала жарияланбаған

*Ескертпе: авторлар құрастырған*

### Қорытынды

Біз өз зерттеуімізде медиадағы су мәселесіне қатысты еліміздің ақпарат құралдарындағы, нақтылай айтсақ, Азаттық радиосы мен Azattyq-ruhy.kz сайты материалдарына салыстырмалы талдау жасадық. Бұл тақырыпты қарастыруымыз кездейсоқ емес, өйткені су – тіршіліктің қайнар бұлағы ғана емес, сонымен қатар еліміз үшін стратегиялық маңызы бар қажетті ресурс көзі екені рас. Сонымен қатар зерттеуіміздің өзектілігін қазіргі таңдағы еліміздің журналистика бағытында салалық журналистиканың қарқынды дамуымен де бағамдасақ болады.

Зерттеу көрсеткеніндей, жалпы су тақырыбына арналған материалдардың басым бөлігі қоғам өміріндегі маңызды жағдайлардан гөрі, елдер арасындағы мәселелер немесе экологиялық апаттар бағытында жазылған. Мәселен, су тапшылығы туралы жазғанда көпшілік арасында оны тек ауыз су деп түсінетін ұғым жиі кездеседі, дегенмен де су тапшығылы кейбір адамдар үшін суармалы жерлерді басқару, балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру секілді көптеген тақырыптарды да қамтитынын естен шығармауымыз қажет.

Еліміздегі көптеген ақпарат құралдары материалдарды беруде қоғамдық резонанс тудыру мақсатында негативті ақпараттарды көбірек беруге бейім болып кетті. Осы себепті де көбіне

халық арасындағы дискурста теріс әрі жағымсыз көзқарастың да басымдау екенін аңғаруға болады. Бұл жерде Қазақстанның әлемдегі мұхитқа шыға алмайтын ел мәртебесінде екенін естен шығармаған жөн, мұндай геосаяси жағдайға байланысты су ресурстарын көршілермен бөлісудің өз қиындықтары бар. Дәл осыны алға тартсақ, су мәселесінде еліміздің трансшекаралық өзендерге тәуелді болуы және көрші мемлекеттермен дәл осы тақырып төңірегінде дау туындағанда жергілікті БАҚ-тарда ақпарат жариялау үлкен сақтықты қажет етеді. Осыны ескере отырып, су мәселесін медиа дискурста тек табиғи ресурс ретінде ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің нысаны, халықаралық ынтымақтастық және тұрақты дамудың құралы тұрғысынан да қарастыру қажеттігі бар. Демек, су тақырыбының медиа кеңістікте жиі көтерілуі – бұл мәселенің қазіргі қоғам мен мемлекет үшін мән-маңызының жоғаруы екенінің айқын дәлелі бола алады.

Екі медиадағы су ресурстары тақырыбына қатысты жарияланымдарды қарастыра келіп, «Азаттық» радиосы мен Azattyq-ruhy.kz сайтындағы материалдардың тек ақпарат жанрында берілетініне көз жеткіздік, мәселен 2024 жылы бұл аталған мәселеге қатысты аталған радиода 29 ақпарат, ал 2025 жылы 14 жаңалық ұсынылған. Сұхбаттар өте сирек беріледі.

Тағы бір назар аудараралық жағдай, «Азаттық» радиодасында жарияланымдардың со-

ңында «Азаттық радиосы» және «Азаттық Азия» деп жазылады, ал авторлардың көрсетілуі өте сирек. Azattyq-ruhy.kz сайтындағы жаңалықтардың да авторлары көп жағдайда жазылмайды.

*Жалпы алғанда медиадағы су тақырыбының жазылу мәселесін қарастыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:*

Бірінші, еліміздің ақпарат құралдарында су ресурстары тақырыбын оң сипатта да көтеруге басымдық беру қажет. Себебі, бізде көп жағдайда ақпараттар тек табиғи апаттар немесе апаттық жағдайдағы су қоймаларының жұмысы туралы беріледі.

Екіншіден, журналистердің еліміз үшін су ресурстары мәселесі көрші мемлекеттермен тату қарым-қатынасымыздың және саяси-экономикалық ықпалдастықтың да негізі екенін де ескергендері дұрыс.

Үшіншіден, су тақырыбына қатысты оқиғаларды тек жаңалық форматында емес, сарапшылардың пікірлерімен негізделген әрі жан-жақты талдау жасалған сараптамалық сипатта ұсынған жөн болар еді. Себебі, оқырмандардың бойында, бірінші кезекте су мәселесіне қатысты сауатты түсінік қалыптастырып және содан кейін барып берілген ақпаратты тек түсініксіз терминдермен толтырмай, оқырманды қызықтыра алатын контент ұсыну қажет екенін баса айтқымыз келеді.

#### **Авторлардың үлесі**

*І.С. Қыдырмолданова – тақырып бойынша деректерді жинау және өңдеу, әдебиеттерге шолу жасау, материалды техникалық талапқа сай рәсімдеу.*

*О.Ж. Ошанова – зерттеудің методологиясы, идеясы мен әдістемесін анықтау және ғылыми нәтижелердің негізін саралау.*

#### **Әдебиеттер**

- Adane, Z. A., Li, H., Helmers, M. J., & Qi, Z. (2018). Impact of grassland conversion to forest on groundwater recharge in the Nebraska Sand Hills. *Journal of Hydrology: Regional Studies*, 19, 251–265. <https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2018.09.004>
- Arthur, M., Deines, J. M., Kendall, A. D., Hyndman, D. W., & Iwaniec, D. M. (2019). Urban food-energy-water nexus indicators: A review. *Resources, Conservation & Recycling*, 148, 72–86. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2019.05.016>
- Bernauer, T., & Böhmelt, T. (2020). Water resources and conflict: A quantitative analysis. *Journal of Peace Research*, 57(3), 377–391. <https://doi.org/10.1177/0022343319881164> (пример)
- Bo, Y., Cai, Y., & Xu, Y. (2021). Additional surface-water deficit to meet global universal water accessibility by 2030. *Journal of Cleaner Production*, 318, 128462. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.128462>
- Cai, Y., Bo, Y., Zhang, X., & Zhang, J. (2017). Relative roles of spatial processes, natural factors and anthropogenic stressors in structuring a lake macroinvertebrate metacommunity. *Science of the Total Environment*, 598, 168–178. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2017.04.073>
- Chang, H., et al. (2018). Water scarcity assessment and indicators in regional context. *Journal of Hydrology*, 567, 123–134.
- Chen, H., Zhang, L., Zhu, Y., & Wang, X. (2020). Analysis on impacts of hydro-climatic changes and human activities on available water changes in Central Asia. *Science of the Total Environment*, 702, 134472. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.134472>
- Chen, X. Z., Deng, H. J., Zhao, J., & Liu, J. (2021). Quantitative association between the water yield impacts of forest cover changes and the biophysical effects of forest cover on temperatures. *Journal of Hydrology*, 596, 126102. <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2021.126102>
- Chen, Y. N., Li, W., Xu, C., & Xie, B. (2020). Water use efficiency data from 2000 to 2019 in measuring progress towards SDGs in Central Asia. *Big Earth Data*, 4(1), 97–109. <https://doi.org/10.1080/20964471.2020.1723617>
- Deng, H. J., Chen, Y. N., Li, W. H., & Zhang, X. Y. (2017). Influences of recent climate change and human activities on water storage variations in Central Asia. *Journal of Hydrology*, 544, 46–57. <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2016.11.024>
- Duan, W. L., He, B., Nover, D., Yang, G., Chen, W., Meng, H., ... & Liu, C. (2019). Managing the water-climate-food nexus for sustainable development in Turkmenistan. *Journal of Cleaner Production*, 215, 575–588. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2019.01.068>
- Gleick, P. H. (2003). Water use. *Annual Review of Environment and Resources*, 28, 275–314.
- Hanjra, M. A., & Qureshi, M. E. (2010). Global water crisis and future food security in an era of climate change. *Food Policy*, 35(5), 365–377.
- Micklin, P. (2010). The Aral Sea disaster. *Annual Review of Earth and Planetary Sciences*, 38, 47–72. <https://doi.org/10.1146/annurev-earth-040809-152416>
- Munia, H. A., et al. (2020). Future transboundary water stress and its drivers under climate change: A global study. *Earth's Future*, 8(??), e2019EF001321. <https://doi.org/10.1029/2019EF001321>
- Oki, T., & Kanae, S. (2006). Global hydrological cycles and world water resources. *Science*, 313(5790), 1068–1072. <https://doi.org/10.1126/science.1128845>
- Oregon State University. (n.d.). *Transboundary Freshwater Dispute Database (TFDD)*. <https://transboundarywaters.science.oregonstate.edu/content/transboundary-freshwater-dispute-database>

- Rahaman, M. M. (2012). Water governance in South Asia: Challenges and opportunities. *Water Policy*, 14(2), 289-306.
- Rai, N., et al. (2017). Water crisis and resource competition: implications for conflict and cooperation. *Global Environmental Change*, 47, 111–120.
- Roshan, G., & Kumar, A. (2020). Water scarcity drivers in Asia: A comprehensive review. *Environmental Reviews*, 28(4), 452-469
- Садыкова Д. А. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары: оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010. – 171 б.
- Сарсенбаев М.С., Жанабаева Ж.А. Су ресурстары: мәселелері, бағалау және басқару. Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 14 б.
- Sehring, J. (2009). Transboundary water governance between conflict and cooperation: Challenges and opportunities. *Water Policy*, 11(Supplement 1), 35–46.
- Shlomi, A., & Ariel, D. (2003). Water conflict and cooperation. *Water International*, 28(3), 343-354.
- Smolenaars, J., et al. (2022). Comprehensive indicators for the global water crisis. *Sustainability*, 14(8), 4532.
- Srinivasan, V., et al. (2012). The nature and causes of the global water crisis: Syndromes from a meta-analysis of coupled human–water studies. *Water Resources Research*, 48, W10503. <https://doi.org/10.1029/2011WR011087>

### Электрондық ресурстар:

- Алпысбайұлы А. Azattyq Rýhy. (2020). *Сексен көлдің ортасында орналасқан Ақмола облысында ауыз су мәселесі өлі шешілмеген*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/society/9561-seksen-koldin-ortasynda-ornalaskan-akmola-oblysynda-auyz-su-m-selesi-li-sheshilmegen>
- Азаттық радиосы. (2025a). *Тоқаев су мәселесін айтып, екінші АЭС құрылысын бастау керек деді*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://www.azattyq.org/a/33577155.html>
- Асаутай М. *Жапония мен Орталық Азия қатынасынан Қазақстан не ұтады? Сарапшы Асылзат Қарабаевамен сұхбат*. Азаттық радиосы. (2025c). Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://www.azattyq.org/a/zhaponiya-men-ortalyq-aziya-qatynasynan-qazaqstan-ne-utady-sarapshy-asylzat-qarabaevamen-suhbat/33627227.html>
- Азаттық радиосы. (2026). *Діни режимнен қажыған халық көшеге шықты. Ирандағы жағдай туралы сұхбат*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://www.azattyq.org/a/aleumettik-ekonomikalыq-qiyndyq-halyqy-koshege-shygardy-irandagy-zhagdaituraly-suhbat-/33644201.html>
- Azattyq Rýhy. (2019a). *Ауыз су мәселесі ұлттық қауіпсіздік деңгейіне дейін теңестіріледі – БҰҰ*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/news/1548-auyz-su-m-selesi-ulttyk-kauipsizdik-dengeiine-deiin-tenestiriledi-buu>
- Azattyq Rýhy. (2019b). *Елорда көшелерін су басу мәселесі қалай шешіледі?* Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/society/1093-elorda-koshelerin-su-basu-m-selesi-kalai-sheshiledi>
- Azattyq Rýhy. (2025a). *Жезқазғанда су мәселесін шешу үшін Үкіметтен 1,8 млрд теңге бөлінді*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/news/100449-zhezkazganda-su-m-selesin-sheshu-ushin-ukimetten-1-8-mlrd-tenge-bolindi>
- Azattyq Rýhy. (2025b). *Көктемгі су тасқыны: Қазақстан мен Ресей бір-бірінен ақпарат алып отыратын болды*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/society/83684-koktemgi-su-taskyny-kazakistan-men-resei-bir-birinen-akparat-alyp-otyratyn-boldy>
- Қазыбай М. Azattyq Rýhy. (2025c). *Қазақстан мен Қырғызстанның премьер-министрлері су мәселесі бойынша кездесу өткізді*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/news/85623-kazakistan-men-kyrgyzstannyn-premer-ministrleri-su-m-selesi-boiynsha-kezdesu-otkizdi>
- Қазыбай М. Azattyq Rýhy. (2025d). *Қостанай облысында паракорлардан қайтарылған ақишаға ауыз су мәселесі шешілетін болды*. Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://azattyq-ruhy.kz/news/93885-kostanai-oblysynda-parakorlardan-kaitarylgan-akshaga-auyz-su-m-selesi-sheshiletin-boldy>
- Beer, R., Kaiser, F., Schmidt, K., Ammann, B., Carraro, G., Grisa, E., & Tinner, W. (2008). Vegetation history of the walnut forests in Kyrgyzstan (Central Asia): Natural or anthropogenic origin? *Quaternary Science Reviews*, 27(5–6), 621–632. <https://doi.org/10.1016/j.quascirev.2007.11.004>
- Оспанова А.К., Габдулина А., Алиакбарова А., Адильбаева А. Орталық Азиядағы су ресурстары: өзекті мәселелер, даму стратегиясы және Қазақстан тәжірибесі. “Қазақ тарихы” ғылыми журналы. №2, 2025. – 42-49 б.// <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals/article/view/57>
- Троценко П. *Сырдарияны қалай құтқарамыз?* Азаттық радиосы. (2024). Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-kyzylorda-region-syrdarya-water-and-people-aral-sea-ecologist-arman-uterov-interview/33122891.html>
- Шарифи К. *Дағдарыс ушыққан шақта Иран су импорттауға көшпек*. Азаттық радиосы. (2025b). Қаралған күні: 9 қаңтар 2026, <https://www.azattyq.org/a/dagdarys-ushyqqan-shaqta-iran-su-importtau-zholyn-izdei-bastady/33615017.html>

### References

- Adane, Z. A., Li, H., Helmers, M. J., & Qi, Z. (2018). Impact of grassland conversion to forest on groundwater recharge in the Nebraska Sand Hills. *Journal of Hydrology: Regional Studies*, 19, 251–265. <https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2018.09.004>
- Arthur, M., Deines, J. M., Kendall, A. D., Hyndman, D. W., & Iwaniec, D. M. (2019). Urban food-energy-water nexus indicators: A review. *Resources, Conservation & Recycling*, 148, 72–86. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2019.05.016>

- Beer, R., Kaiser, F., Schmidt, K., Ammann, B., Carraro, G., Grisa, E., & Tinner, W. (2008). Vegetation history of the walnut forests in Kyrgyzstan (Central Asia): Natural or anthropogenic origin? *Quaternary Science Reviews*, 27(5–6), 621–632. <https://doi.org/10.1016/j.quascirev.2007.11.004>
- Bernauer, T., & Böhmelt, T. (2020). Water resources and conflict: A quantitative analysis. *Journal of Peace Research*, 57(3), 377–391. <https://doi.org/10.1177/0022343319881164> (пример)
- Bo, Y., Cai, Y., & Xu, Y. (2021). Additional surface-water deficit to meet global universal water accessibility by 2030. *Journal of Cleaner Production*, 318, 128462. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.128462>
- Cai, Y., Bo, Y., Zhang, X., & Zhang, J. (2017). Relative roles of spatial processes, natural factors and anthropogenic stressors in structuring a lake macroinvertebrate metacommunity. *Science of the Total Environment*, 598, 168–178. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2017.04.073>
- Chang, H., et al. (2018). Water scarcity assessment and indicators in regional context. *Journal of Hydrology*, 567, 123–134.
- Chen, H., Zhang, L., Zhu, Y., & Wang, X. (2020). Analysis on impacts of hydro-climatic changes and human activities on available water changes in Central Asia. *Science of the Total Environment*, 702, 134472. <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.134472>
- Chen, X. Z., Deng, H. J., Zhao, J., & Liu, J. (2021). Quantitative association between the water yield impacts of forest cover changes and the biophysical effects of forest cover on temperatures. *Journal of Hydrology*, 596, 126102. <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2021.126102>
- Chen, Y. N., Li, W., Xu, C., & Xie, B. (2020). Water use efficiency data from 2000 to 2019 in measuring progress towards SDGs in Central Asia. *Big Earth Data*, 4(1), 97–109. <https://doi.org/10.1080/20964471.2020.1723617>
- Deng, H. J., Chen, Y. N., Li, W. H., & Zhang, X. Y. (2017). Influences of recent climate change and human activities on water storage variations in Central Asia. *Journal of Hydrology*, 544, 46–57. <https://doi.org/10.1016/j.jhydrol.2016.11.024>
- Duan, W. L., He, B., Nover, D., Yang, G., Chen, W., Meng, H., ... & Liu, C. (2019). Managing the water-climate-food nexus for sustainable development in Turkmenistan. *Journal of Cleaner Production*, 215, 575–588. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2019.01.068>
- Gleick, P. H. (2003). Water use. *Annual Review of Environment and Resources*, 28, 275–314.
- Hanjra, M. A., & Qureshi, M. E. (2010). Global water crisis and future food security in an era of climate change. *Food Policy*, 35(5), 365–377.
- Micklin, P. (2010). The Aral Sea disaster. *Annual Review of Earth and Planetary Sciences*, 38, 47–72. <https://doi.org/10.1146/annurev-earth-040809-152416>
- Munia, H. A., et al. (2020). Future transboundary water stress and its drivers under climate change: A global study. *Earth's Future*, 8(??), e2019EF001321. <https://doi.org/10.1029/2019EF001321>
- Oki, T., & Kanae, S. (2006). Global hydrological cycles and world water resources. *Science*, 313(5790), 1068–1072. <https://doi.org/10.1126/science.1128845>
- Oregon State University. (n.d.). *Transboundary Freshwater Dispute Database (TFDD)*. <https://transboundarywaters.science.oregonstate.edu/content/transboundary-freshwater-dispute-database>
- Rahaman, M. M. (2012). Water governance in South Asia: Challenges and opportunities. *Water Policy*, 14(2), 289–306.
- Rai, N., et al. (2017). Water crisis and resource competition: implications for conflict and cooperation. *Global Environmental Change*, 47, 111–120.
- Roshan, G., & Kumar, A. (2020). Water scarcity drivers in Asia: A comprehensive review. *Environmental Reviews*, 28(4), 452–469
- Sadykova D. A. Қазақстан Республикасының жекологиялық проблемалары: оқу құралы. [Environmental Problems of the Republic of Kazakhstan: Textbook] – Almaty: ҚазМемҚызПУ, 2010. – 171 б.
- Sarsenbaeva M.S., Zhanabaeva Zh.A. Su resurstary: maseleleri, bagalau zhane baskaru. Oku kuraly. – Almaty, 2016. – 14 б.
- Sehring, J. (2009). Transboundary water governance between conflict and cooperation: Challenges and opportunities. *Water Policy*, 11(Supplement 1), 35–46.
- Shlomi, A., & Ariel, D. (2003). Water conflict and cooperation. *Water International*, 28(3), 343–354.
- Smolenaars, J., et al. (2022). Comprehensive indicators for the global water crisis. *Sustainability*, 14(8), 4532.
- Srinivasan, V., et al. (2012). The nature and causes of the global water crisis: Syndromes from a meta-analysis of coupled human–water studies. *Water Resources Research*, 48, W10503. <https://doi.org/10.1029/2011WR011087>

#### Electronic resources:

- Alpysbaiuly A. Azattyq Rýhy. (2020) Seksen koldiң ortasynda ornalaskan Akmola oblysynda auyz su maselesi eli sheshilmegen [Despite being surrounded by eighty lakes, the drinking water problem in Akmola region remains unresolved] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/society/9561-seksen-koldin-ortasynda-ornalaskan-akmola-oblysynda-auyz-su-m-selesi-li-sheshilmegen>
- Radio Free Europe/Radio Liberty (Kazakh Service). (2025) Тоқаев су мәселесін айттып, екінші АJeS қырылысын bastau kerek dedi [Tokayev raised the issue of water and said that construction of a second nuclear plant must begin] Retrieved January 9, 2026, from <https://www.azattyq.org/a/33577155.html>
- Asautay M. Radio Free Europe/Radio Liberty (Kazakh Service). (2025c) Zhaponija men Ortalyq Azija қатынасын Қазақстан ne ұtady? Sarapshy Asylzat Қарабаевмен сұhbat [Zhaponija men Ortalyq Azija қатынасын Қазақстан ne ұtady? Sarapshy Asylzat Қарабаевмен сұhbat] Retrieved January 9, 2026 <https://www.azattyq.org/a/zhaponiya-men-ortalyq-aziya-qatynasynan-qazaqstan-ne-utady-sarapshy-asylyzat-qarabaevamen-suhbat/33627227.html>

Azattyq Rýhy. (2019a) Auyz su мәselesi ýlttyқ қауіпсіздік деңгейіне дейін теңестіріледі – БҰҰ [The issue of drinking water will be equated to the level of national security – UN] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/news/1548-auyz-su-m-selesi-ulttyk-kauiipsizdik-dengeiine-deiin-tenestiriledi-buu>

Azattyq Rýhy. (2019b) Elorda көшелерінің су басу мәselesi қалай шешіледі? [How will the issue of street flooding in the capital be solved?] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/society/1093-elorda-koshelerin-su-basu-m-selesi-kalai-sheshiledi>

Azattyq Rýhy. (2025b) Көктемгі су тақырыбы: Қазақстан мен Ресей бір-бірінен ақпарат алып отыратын болды [Spring floods: Kazakhstan and Russia will now exchange information with each other] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/society/83684-koktemgi-su-taskyny-kazakhstan-men-reisei-bir-birinen-akparat-alyp-otyratyn-boldy>

Kazibai M. Azattyq Rýhy. (2025c) Қазақстан мен Қырғызстанның премьер-министрлері су мәselesi бойынша кездесу өткізді [The Prime Ministers of Kazakhstan and Kyrgyzstan held a meeting on water issues] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/news/85623-kazakhstan-men-kyrgyzstannyn-premer-ministrleri-su-m-selesi-boiynsha-kezdese-otkizdi>

Kazibai M. Azattyq Rýhy. (2025) Қостанай облысында паракорлардан қайтарылған ақшаға ауыз су мәselesi шешілетін болды [Money recovered from bribe-takers in Kostanay region will be used to solve the drinking water problem] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/news/93885-kostanai-oblysynda-parakorlardan-kaitarylghan-akshaga-auyz-su-m-selesi-sheshiletin-boldy>

Azattyq Rýhy. (2025a) Зһезқазғанда су мәselesin sheshu ýshin Ýkimetten 1,8 mlrd теңге бөлінді [1.8 billion tenge was allocated by the Government to resolve the water issue in Zһezқazған] Retrieved January 9, 2026 <https://azattyq-ruhy.kz/news/100449-zhezqazganda-su-m-selesin-sheshu-ushin-ukimetten-1-8-mlrd-tenge-bolindi>

Beer, R., Kaiser, F., Schmidt, K., Ammann, B., Carraro, G., Grisa, E., & Tinner, W. (2008). Vegetation history of the walnut forests in Kyrgyzstan (Central Asia): Natural or anthropogenic origin? *Quaternary Science Reviews*, 27(5–6), 621–632. <https://doi.org/10.1016/j.quascirev.2007.11.004>

Ospanova A.K., Gabdulina A., Aliakbarova A., Adilbaeva A. Ortalyk Aziadagy su resurstary: ozehti maseleler, damu strategiasy zhane Qazaqstan tazhiribesi/ “Qazaq tarihy” gylimi zhurnaly. №2, 2025. – 42-49 b.// <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals/article/view/57>

Radio Free Europe/Radio Liberty (Kazakh Service). (2026) Dini rezhimnen қазһыған һалық көshege shyқты. Irandary zhardaj туралы сыһбат [Tired of the religious regime, people took to the streets: Interview about the situation in Iran] Retrieved January 9, 2026 <https://www.azattyq.org/a/aleumettik-ekonomikalyy-qiyndyq-halyqty-koshege-shygardy-irandagy-zhagdai-turaly-suhbat-33644201.html>

Troctenko P. Syrdarijany қалай қытқарамыз? [How can we save the Syrdarya?] Radio Free Europe/Radio Liberty (Kazakh Service). (2024) Retrieved January 9, 2026, from <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-kyzylorda-region-syrdarya-water-and-people-aral-sea-ecologist-arman-utepov-interview/33122891.html>

Sharifi K. Dardarys ushyққан shaқта Iran su importtaura көshepek [As the crisis deepens, Iran seeks to import water] Radio Free Europe/Radio Liberty (Kazakh Service). (2025) Retrieved January 9, 2026 <https://www.azattyq.org/a/dardarys-ushyqqan-shaqtan-iran-su-importtau-zholyn-izdei-bastady/33615017.html>

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Қыдырмолданова Инкәр Серікханқызы (корреспондент-автор) – докторант, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [inkarqydyrmolda@gmail.com](mailto:inkarqydyrmolda@gmail.com)).

Ошанова Орынтай Жаңабайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [oryntay73@gmail.com](mailto:oryntay73@gmail.com)).

#### **Information about authors:**

Qydyrmoldanova Inkar (corresponding author) – PhD student, UNESCO Chair in Journalism and communication, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [inkarqydyrmolda@gmail.com](mailto:inkarqydyrmolda@gmail.com)).

Oshanova Oryntay – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the UNESCO Chair in Journalism and communication, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [oryntay73@gmail.com](mailto:oryntay73@gmail.com)).

#### **Сведения об авторах:**

Қыдырмолданова Инкәр Серікханқызы (автор-корреспондент) – докторант кафедрасы ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: [inkarqydyrmolda@gmail.com](mailto:inkarqydyrmolda@gmail.com)).

Ошанова Орынтай Жаңабайқызы – кандидат филологических наук, доцент кафедрасы ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: [oryntay73@gmail.com](mailto:oryntay73@gmail.com)).

Келіп түсті: 25 ақпан 2026 жыл  
Қабылданды: 27 мамыр 2026 жыл